



@ILE\_AKIMAT  
@ILE\_TANY



№11 (5173)

Алматы және Жетісу облыстық  
қоғамдық-саяси апталық

13

наурыз (жұма)  
марта (пятница)

2026

жыл  
год

Алматинская-Жетісуская областная  
общественно-политический еженедельник

## НӘЗІКТІК ПЕН МЕЙІРІМ МЕРЕКЕСІ



құттықтаймын. Бұл күн – нәзіктік пен сұлулықтың, мейірім мен ізгіліктің символына айналған ерекше мереке. Ана – тек отбасының ғана емес, тұтас ұлттың тірегі, қоғамның тәрбиешісі. Әйелдердің парасаты, төзімі мен қажыр-қайраты қоғам дамуының маңызды қозғаушы күші», – деп атап өтті.

Сонымен қатар аудан басшысы Іле ауданында әйелдердің қоғамдық өмірдегі үлесі жоғары екенін айтты. Бүгінде ауданда 241 мыңнан астам халық тұрса, соның 52 пайызын әйелдер құрайды. Денсаулық сақтау саласында қызмет ететін 1638 дәрігердің 70 пайызы, білім саласындағы 8328 қызметкердің 77 пайызы әйелдер. Сондай-ақ мемлекеттік қызметте еңбек етіп жүрген 184 қызметкердің 105-і – әйел азаматшалар.

Мерекелік шара барысында ауданның дамуы мен өркендеуіне үлес қосып жүрген бірқатар азаматшалар аудан әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Олардың қатарында білім, медицина, мәдениет, құқық қорғау, мемлекеттік қызмет және қоғамдық салада еңбек етіп жүрген мамандар бар.

Іс-шара соңы «Гүл сыйлайық әйелге» атты мерекелік концертке ұласты. Сахнада аудан өнерпаздары мен арнайы шақырылған эстрада жұлдыздары ән шырқап, көрермендерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Әсем билер мен әсерлі әндер мерекенің сәнін арттырды.

Бұл кеш әйел-аналарға деген құрмет пен алғыстың белгісіне айналып, көрермендерге ерекше әсер қалдырды. Нәзік жандыларға арналған мереке жылы тілектер мен шынайы ықыласқа толы көңілді атмосферада өтті.

Карима ДАУТҚАН

Өтеген батыр ауылындағы Н. Тілендиев атындағы Іле аудандық Мәдениет үйі сахнасында 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне арналған салтанатты мерекелік іс-шара өтті. Көктемнің шуақты мерекесіне ауданның ардақты аналары, еңбек ардагерлері, түрлі салада табысты қызмет етіп жүрген әйелдер қауымы жиналды. Мерекелік кеш жылы лебіздер мен көтеріңкі көңіл-күйге толы болды.

Салтанатты жиында аудан әйелдерін мерекелеу құттықтау үшін сөз алған Қайыржан Жақсымбетов барша нәзік жандыларға жүрекжарды тілегін білдірді. Әкім өз құттықтауында әйел-аналардың қоғамдағы орны ерекше екенін атап өтті.

Әкім өз сөзінде: «Сіздерді жер-дүниені шуағына бөлеп, тіршілікке нәр берген шұғылалы көктемнің мерекесі – 8 наурыз Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен

14 наурыз – Көрісу күні. Бұл күнді Аман мерекесі деп те атайды. Адамдар осы күні бұрынғы өкпенің кешіріп, бір-біріне амандық-саулық тілейді. Көрісу күнінде жасы кіші адам үлкен кісінің үйіне барып көрісіп шығады. Міндетті түрде кем дегенде үш үйдің есігін ашу керек деген ырым бар. Шығыс елдерінің кезіндегі күнтізбесі бойынша наурыздың басталуы хамал (амал) айының 1 жұлдызы болып есептеледі. Хамал деп отырғанымыз Тоқты шоқжұлдызының ескі парсыша атауы. Күн мен түн теңеліп, амал кірген сәтте Тоқты шоқжұлдызы туады деген ұғым қалыптасқан.

«Наурыз» сөзі «жаңа күн» дегенді білдіреді. Ертеде қазақ бұл күнді «наурыз» демей «амал» деген. Бұл сөздердің айырмашылығы жоқ деуге болады. Ал бұл қазіргі күнтізбе бойынша 14 наурызға сәйкес келіп отыр.

Көрісе отырып, бір-біріне «Бір жасыңмен!», «Жасың құтты болсын!», «Жасың қайырлы болсын!» деп айту керек. Адамдар үй ішін жуып, тазалап, ауланы да ретке келтіріп қояды.

14 наурыз күні таң біліне бастағанда ешкім ұйықтап жатпауы керек. Әсіресе қарты бар үйлер ерте оянып, көрісіп шығатын адамдарды күтіп отырады. Міндетті түрде әр үй дастарқанын толтырып, бар тәттісін қойып, бауырсақ, жеті шелпек пісіреді.

Көрісу күніне ешкім арнайы шақырылмайды, жайылған дастарқан жиылмайды. Адамдар бір-біріне түске дейін көрісіп шығуға тырысады. Түске дейін нағыз мейрам сезіледі. Ал кешігіп қалғандар болса, біртіндеп кешке дейін келе беруіне болады.



Көрісе келген адамдар (көбіне кішкентай балақайлар) көрісіп шыққан үйінің дастарқанынан дәм алып кетеді. Адамдар жаңа не таза киім киеді. Өкпе-ренішті ұмытып, көрісу күнінде адамдар бір-бірімен табысады. Көрісе шыққан адамды қабақ шытпай көтеріңкі көңіл күймен қарсы алып, дастарқанға шақырады.

Біреуден қарыз алған болса, қарызын осы күнге дейін иесіне беріп тастауға тырысады. Көрісу күнінің рәсімі бойынша ер адамдар құшақтасып, төс түйістіреді, әйелдер болса, құшақтасып, беттерінен сүйіп көріседі. Тек келіндердің аталарымен және қайынағаларымен көрісулеріне болмайды деген ырым бар.

Бұл күні ешкім ешкімге ренжімей, жайдары жүру керек. Көрісуге келмеген адамға «Көрісіп шықпады» деп реніш білдіру орынды саналады.

Ендеше, береке мен бірліктің мейрамы Көрісу күні құтты болсын! Бір жастарыңызбен!

РЕДАКЦИЯ ҰЖИМЫ

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

15 НАУРЫЗ  
МАРТА

Важен голос каждого из нас!

## РЕФЕРЕНДУМ

Дауыс беру учаскесін қалай табуға болады?

2026 жылғы 15 наурызға тағайындалған республикалық референдумда дауыс беру үшін Қазақстан Республикасының азаматтары өз учаскесін келесі тәсілдер бойынша таба алады:

1. Egov mobile, екінші деңгейлі банктер (Kaspi Bank, Halyk Bank) және байланыс операторларының SMS-хабарламалары сияқты ресми дереккөздерден жіберілетін сілтемелер арқылы немесе төменде жарияланған QR-кодты сканерлеу арқылы азаматтар сайттың ар-

найы бөліміне өтіп, онда ЖСН енгізу арқылы өз референдум учаскесін анықтай алады.

2. Тұрғылықты жері бойынша тиісті елді мекен әкімдігінің Call-орталығына хабарласып, дауыс беру учаскесі туралы ақпаратты нақтылауға болады. Call-орталықтардың нөмірлері әкімдіктердің интернет ресурстарында қолжетімді.

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы

сушылар өзара пікір алмасып, алдағы күндерге арналған іс-қимыл жоспарын белгіледі.

Жәпек батыр ауылындағы №970 сайлау учаскесінің төрағасы Шәпия Еденқызы: «Біздің ұжымның аумақтық референдум комиссиясымен бірлесіп референдум өткізу бойынша тәжірибесі бар. Сондықтан сайлау учаскесінде дауыс беру үдерісінің заң талаптарына сай, ашық әрі ұйымдасқан түрде өтуін қамтамасыз етуге барлық жағдай жасалды. Учаскеде бақылаушылар мен тұрғындар үшін қажетті мүмкін-

## БАСТЫ САЯСИ ЖАҢАЛЫҚТЫҢ ДАЙЫНДЫҒЫ ТЕКСЕРІЛДІ

екендігіне көз жеткізді. Комиссия мүшелерінің сайлаушыларды қабылдау тәртібі және референдум күні барлық рәсімдерді сақтау жолдары туралы айтып берді. Одан соң ақпараттық технологиялар колледжіне барды. Мұнда учаскелердің техникалық дайындығына және мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін жасалып жатқан мүмкіндіктерге ерекше назар аударылды. Қолайлы жағдай үшін пандустар, арнайы өткелдер және қауіпсіз кіреберіс жасалған.

Аудан басшысы Қайыржан Жақсымбетов «Референдумның орталық комиссиясы осы аптаның соңына дейін аудан көлеміндегі барлық округті аралап шығуды жоспарлап отыр. «Бұл – инспекциялық сапарлар. Біздің басты мақсатымыз – ең алдымен әрбір дауыс беру учаскесінің материалдық-техникалық қамтамасыз етілуімен танысу. Бұл жұмыс жергілікті атқарушы органдардың жауапкершілігінде. Екінші маңызды мәселе – барлық комиссия мүшелерін міндетті түрде оқыту. Бұл жұмыс аумақтық референдум комиссияларына жүктелген. Дауыс беру учаскелері жеткілікті деңгейде жабдықталған. Айтарлықтай ескертулер жоқ. Ұсақ-түйек мәселелер бар, олар қазір жұмыс барысында реттеліп жатыр. Бірақ негізгі мәселелердің бірі – дауыс беру ғимаратына кіретін және одан шығатын адамдар ағынын міндетті түрде бөлу қажет» - деді Қ. Серікбайұлы.

Сайлау учаскелерін аралағаннан кейін қауіпсіздікті қамтамасыз ету және комиссиялардың жұмысы жөніндегі мәселелер талқыланды. Қаты-

діктер қарастырылған. Тұрғындарды референдумға белсенді қатысып, өз таңдауын жасауға шақырамыз.

Дайындық барысын тексеруде ұйымдастыру жұмыстарының ұсақ-түйек мәселелеріне дейін айтылды. Оған байланысты тиісті шешімдер қабылданды. Референдум комиссиясының мүшелері азаматтарға деген қамқорлық пен әрбір детальға назар аударуы референдумды сәтті өткізудің негізгі факторларының бірі екенін атап өтті.

Айта кетейік, Іле ауданында референдумға дайындық жұмыстары жоспарға сәйкес жүргізілуде. Аудан бойынша дауыс беруге құқығы бар 154 174 сайлаушы тіркелген.

Уақытша болу орындарында құрылған 6 учаскенің қатарында 3 медициналық мекеме, 2 әскери бөлім және 1 уақытша ұстау изоляторы бар. Референдум күніне 5 күн қалғанда бұл орындардағы азаматтардың нақты саны анықталып, олардың дауыс беру процесіне қатысуы қамтамасыз етіледі. Аудан бойынша барлығы 92 референдум учаскесі жұмыс істейді. Оның ішінде 88 тұрақты тіркеу орны, сондай-ақ азаматтардың уақытша болу орындарында орналасқан 6 арнайы учаске қарастырылған. Сонымен қатар, Алматы облысының тұрғындары өздерінің дауыс беру учаскелерін Telegram-бот арқылы немесе аудандық әкімдіктердің ресми сайттарында ЖСН енгізу арқылы анықтай алады.

Қ. ҚОЙТАН